



**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін лицензиялау,
лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 9 сәуір N 93. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 20 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1581. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 384 (V032579) қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін лицензиялау, лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу ережесі бекітілсін, ол және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін лицензиялау, лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р а л а р ы н **қ а б ы л д а с ы н ;**

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін лицензиялау, лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ **Б а н к**

Төрағасы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 9 с ә у і р д е г і N 9 3
қаулысымен бекітілген

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының
аудитін лицензиялау, лицензияның қолданылуын
тоқтату және қайтарып алу
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заңға), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына аудит жүргізуге аудиторлық ұйымға (бұдан әрі - уәкілетті аудиторлық ұйымға), сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына аудит жүргізуге аудиторға - жеке тұлғаға (бұдан әрі - уәкілетті аудиторға) лицензия беру тәртібін, сондай-ақ лицензияның қолданылуын тоқтату мен қайтарып алу тәртібін белгілейді.

2. Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына аудит жүргізуге лицензия (бұдан әрі - лицензия) беру уәкілеттігі бар бірден-бір лицензияр болып табылады.

3. Аудиторлық ұйым құрамында уәкілетті аудитор болған жағдайда лицензия алуға құқығы бар.

4. "Аудитор" біліктілігін беру туралы куәлігі болған жағдайда жеке адамның лицензия алуға құқығы болады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына аудит жүргізілетін аудитке және аудиторлық қорытынды (есеп) жасауға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уәкілетті аудиторы міндетті түрде қатысқан кезде жүргізіледі.

Уәкілетті аудиторлық ұйымның лицензиялау ережесін сақтауға бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Лицензиялау тәртібі

6. Аудиторлық ұйым (аудитор) лицензия беру туралы өтінішті қажетті құжаттарды қоса отырып еркін нысанда жазып уәкілетті мемлекеттік органға береді.

7. Аудиторлық ұйымның өтінішіне мыналар қоса берілуі тиіс:

1) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;

2) құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері, бір дана;

3) аудиторлық ұйымда уәкілетті аудитор болып табылатын қызметкердің бар екендігін растайтын құжат;

4) уәкілетті аудитор болып табылатын қызметкердің лицензиясының нотариат куәландырған көшірмесі;

5) лицензиялық алым төленгенін растайтын құжат.

8. Аудитордың өтінішіне мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) "аудитор" біліктілігін беру туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;
- 2) оның аудиторлық ұйыммен еңбек қатынасын растайтын құжат;
- 3) жоғары білім туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесі;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) еңбек қызметі және жұмыс тәжірибесі туралы мәлімет - растау құжаттарын қоса отырып еркін нысанда;

- 6) аудит жүргізу жөніндегі курстарда біліктілігін көтергендігі туралы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмесі;
- 7) лицензиялық алым төленгенін растайтын құжат.

9. Лицензия алуға арналған құжаттарды уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі қабылдайды және қарап, ұсынылған материалдар негізінде әрбір өтініш бойынша өз қорытындысын жасайды.

10. Аудиторлық ұйымның лицензия беру туралы өтінішін уәкілетті мемлекеттік орган құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап бір айдың ішінде қарауы тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын аудиторлық ұйымға, сондай-ақ аудиторға лицензия беру туралы өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он күннің ішінде қарауы тиіс.

11. Лицензия осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

12. Аудиторлық ұйымға мынадай негіздер бойынша лицензия беруден бас тартылуы мүмкін:

- 1) осы Ереженің 7 және 8-тармақтарында көзделген құжаттар тапсырылмаса;
- 2) уәкілетті мемлекеттік орган немесе басқа да мемлекеттік орган лицензия алуға өтініш берген аудиторлық ұйымның (аудитордың) тексерілетін ұйымдағы есепке алу мен есеп берудің жай-күйі туралы нақты емес не толық емес мәліметтері бар және орын алған заң талаптарын бұзушылықтарға уақтылы шара қолданбауға әкеліп соққан аудиторлық қорытынды бергенін анықтаған кезде.

13. Уәкілетті мемлекеттік орган бас тарту негіздерін көрсете отырып лицензия беруден бас тарту туралы аудиторлық ұйымға, аудиторға хабарлайды.

14. Лицензияны беру (қайтарып алу) туралы шешім уәкілетті мемлекеттік органның ресми басылымдарында - "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысында" және "Вестник Национального Банка Казахстана" жарияланады.

15. Лицензия жоғалған жағдайда уәкілетті аудиторлық ұйым, уәкілетті аудитор көшірме алуға құқылы. Уәкілетті мемлекеттік орган он күннің ішінде уәкілетті аудиторлық ұйымның, уәкілетті аудитордың жазбаша өтініші бойынша

лицензияның көшірмесін береді.

16. Уәкілетті аудиторлық ұйым атауы, мекен-жайы өзгерген жағдайда бір айлық мерзімде аталған мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса отырып лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

17. Уәкілетті аудитор аты-жөні өзгерген жағдайда бір айлық мерзімде аталған мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса отырып лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

18. Уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті аудиторлық ұйым, уәкілетті аудитор тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он күннің ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

19. Лицензияны беру, қайта ресімдеу және лицензияның дубликатын беру кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен лицензиялық алым төленеді.

20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына аудит жүргізу, аудиторлық қорытынды (есеп) жасау шарттары мен тәртібі, сондай-ақ уәкілетті аудиторлық ұйымның, уәкілетті аудитордың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

21. Уәкілетті мемлекеттік орган берілген лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

3. Лицензияны тоқтату және қайтарып алу

22. Уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті аудиторлық ұйымның, уәкілетті аудитордың лицензиясының қолданылуын тоқтату және қайтарып алу туралы шешімді Заңда көзделген негіздер бойынша қабылдайды.

23. Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы шешімде лицензияның қолданылуын тоқтату негіздемелері мен мерзімі көрсетілуі тиіс.

24. Осындай шешім уәкілетті аудиторлық ұйымға жіберілген күнінен бастап лицензияның қолданылуы тоқтатылды деп саналады.

25. Лицензия қолданылуының тоқтатылуы туралы ақпарат екі республикалық газетте жарияланады.

26. Лицензия қолданылуының тоқтатылуына негіздеме болған заң бұзушылықтарды жойғаннан кейін уәкілетті аудиторлық ұйым, уәкілетті аудитор лицензияның қолданылуын тоқтату мерзімін қайта қарау немесе лицензияның қолданылуын тоқтату мерзімі біткенге дейін оның қолданылуын қалпына келтіру туралы өтініш беруге құқылы.

27. Уәкілетті аудиторлық ұйым, уәкілетті аудитор лицензияның қолданылуын тоқтатуға негіздеме болған бұзушылықтарды жою туралы куәландыратын құжаттарды ұсынған кезде уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыруды қадағалау бөлімшесі өз қорытындысын даярлайды, оның негізінде уәкілетті мемлекеттік орган лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы шешім

қ а б ы л д а у ғ а

қ ұ қ ы л ы .

28. Уәкілетті мемлекеттік орган лицензияның қолданылуын тоқтату мерзімін қайта қарау немесе лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы уәкілетті аудиторлық ұйымның, уәкілетті аудитордың өтінішін қарауға және өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімде тиісті шешім қабылдауға міндетті.

29. Уәкілетті мемлекеттік органның лицензияны қайтарып алу туралы шешімінде оны қайтарып алу негіздемесі көрсетілуі тиіс.

30. Уәкілетті аудиторлық ұйымның, уәкілетті аудитордың лицензиясын қайтарып алу туралы уәкілетті мемлекеттік органның шешімі осындай шешімді уәкілетті аудиторлық ұйымға, уәкілетті аудиторға жіберген не баспасөзге жарияланған күнінен бастап күшіне енеді. Лицензияны қайтарып алу туралы ақпарат екі республикалық газетте жарияланады.

4. Қорытынды ережелер

31. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.

Төраға

Қазақстан	Республикасының
Ұлттық	банкi
Басқармасының	
2001 жылғы	9 сәуірдегі
N	93
қаулысымен	бекітілген
Сақтандыру	(қайта сақтандыру)
ұйымдарының	аудитін
лицензиялау,	лицензияның
қолданылуын	тоқтату және
қайтарып	алу ережесіне

Қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі - сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган
(Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген бланкіге басылады)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына
аудит жүргізуге берілген

ЛИЦЕНЗИЯ

Лицензия N____

(уәкілетті аудиторлық ұйымның толық атауы, уәкілетті аудитордың аты-жөні)
_____ берілді.

Уәкілетті аудиторлық ұйымның, уәкілетті аудитордың мекен-жайы _____

Лицензия Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

Лицензия берілген күн - " __ " _____ 200__ ж.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

Төрағасы (Төрағаның орынбасары)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК